

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ҚУҒЫН-СҮРГІН ТАРИХЫНАН

С. У.Бақторазов

М.Х.Дулати атындағы

ТарМУ-нің доценті, тарих

ғылымдарының кандидаты

(Отан тарихы, 2006, № 2 (34)

112-118 б.б.)

Саяси қуғын-сүргін жүргізу механизмін теңселмелі маятник түрінде болды десек, оның бір шетінде республикалық орталық, траекториялық қозғалыстың орта бөлігінде - облыс орталығы, ал келесі шеткі нүктесінде қалалар мен аудандар болғандығы анық. Республика территориясында жаңа облыстар құрылып, жаңа аудандардың саны өскен кезде, Оңтүстік Қазақстан облысының құрамында 19, ал Қызылорда облысының құрамында 8 аудан болған еді.[1] Соғыс алдындағы бесжылдықтарда жаңа өнеркәсіп орындары, колхоздар, МТС-тер мен совхоздар құрылып жатты. Осыған сәйкес әлеуметтік және өнеркәсіптік инфрақұрылымның да жетіле түсуі облыс экономикасындағы қалалар мен аудандардың маңызын арттыра түсті.

Қалалық және аудандық деңгейдегі партия және кеңес кадрлары, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы мекемелерінің басшылары, өздерінің республиканың саяси өміріндегі маңызын біртіндеп арттыра түскен еді, оларды қалыптасқан тәртіпке байланысты Қазақстан К(б)П ОК ғана қызметке қоятын немесе бекітетін. Оның үстіне, теңселмелі маятник ұғымына сәйкес, саяси қудалаулар орталықтың бастамашылығымен аудандар мен мекемелерде жүргізілсе, оның орталыққа байланысты да қайтарылымы болып, кейбір репрессиялық акциялар аудандарда туындап, одан облыс орталығына жетіп, тіпті соңында орталықтағы саяси күштердің орналасуына да өз әсерін тигізе алатын. Партия иерархиясы баспалдақтарымен көтерілу дәстүріне сәйкес, партия басшылары өз карьераларында партиялық биліктің аудандық деңгейін аттап кете алған жоқ, сондықтан да осы аудандарда өз жақтастарын, өздері қызметке қойған адамдарын, сонымен қатар қарсыластарын да қалдырып кеткен еді.

Аукомдар мен ауаткомдардың партия және кеңес билігі органдарындағы ерекше маңыздылығы - олардың халықпен қоян-қолтық араласып, қажетті жағдайда оларға нақты әсер ете алатындағында болатын. Олар орталықта қалыптасқан саясатты жүзеге асыруда соңғы буынның ролін атқарды.

Қуғын-сүргіндік саясатты жүргізу барысындағы партия және кеңес номенклатурасын жаппай тазалау науқанында, барлық дерліктей ауком хатшылары мен ауатком төрағаларының көпшілігі ПХК органдарының құрығына түсті. Осылай, 1938 жылдың 31 наурызындағы, яғни жаппай репрессиялар әлі жалғасып жатқан кездегі «ҚК(б)П аукомдары мен қалкомдарының коммунистерге берген партия құжаттарына халық жаулары болып кеткен адамдардың қолдары қойылғандығы» туралы архив материалында 70-тен астам ауком хатшыларының фамилиялары бар. Олардың ішінде Оңтүстік Қазақстан облысы мен Қызылорда облысынан 14 фамилия кездеседі. [2] Жалпы аудандар санына қатысты алсақ (19 аудан) репрессияланғандардың пайыздық үлесі 73,2% -ды құрайды.

Аудандық деңгейдегі кадрлерге қарсы репрессиялар «стандартты»– «буржуазиялық ұлтшыл», «қаскүнемдікпен шұғылданды», «сын мен өзара сынды тұқыртты» деген айыптауларға қосымша «бүгінде әшкереленген халық жауымен байланыста болды» немесе «халық жауының қойған адамы» деу негізінде қылмыстық іс қозғауға ұласты. Соңғы айыптаулар сол уақыттағы кейбір құжаттарда жетекші партия органдарына «өз» адамдарын тартудың дұшпандық әрекеттері» ретінде көрсетілді. [3] Тиісінше, егер обком хатшыларына олардың жаңа ауком хатшыларына ұсынуына байланысты айыптаулар табылып жатса, соңғылары дәл осындай кепті ауатком төрағалары мен өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы басшыларын тағайындағаны үшін кешті. Сондықтан да аудандық деңгейдегілерге «халық жауы ретінде» әшкерелену қаупі «жоғарыдан» да, сол сияқты « төменнен» де төніп тұрған еді.

Алматы обкомы облыстық конференциясындағы есепті баяндамадан келтірілген цитатада, осы мәселедегі республика бойынша жағдай былай сипатталады: «Обкомға әбден кірігіп алған халық жаулары, ауком хатшылығы мен аудандағы басшылық жұмыстарға халық жаулары мен кез-келген күдікті, тексерілмеген адамдарды қоюмен келді. Әсіресе қатты былғанғаны аукомның бірінші хатшысының орны болды...[4] Л.И.Мирзоян ОҚО Қ(б)П-ның Қарсақбай АҚ-не жеделхатында «ұлтшылдығы үшін» айыптаулар фактілерімен мұқият танысып, тексеріп шығуды тапсырды. [5]

Осындай аудандық деңгейдегі кадрлерді мұқият «тексерудің» нәтижесі 1937 жылдың 3-10 қарашасында Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша қабылданған «ҚК(б)П ОК бюросының партия және кеңес органдарының басшы қызметкерлерін жұмыстан шығару жөніндегі шешімінде» анық көрінген еді.

«... 12п.Қожахметовты Ұлттар Кеңесіне сайлау жөніндегі Түркістан аймақтық сайлау комиссиясының төрағасы қызметінен және А.Избановты аймақтың сайлау комиссиясының орынбасарлығы қызметінен босату.

22п. Байшораевты Қазалы МТС-інің директорлығы жұмысынан босату.

23п. Бекмұратовты Оңтүстік Қазақстан облысының Шарнақ МТС-і директорының саяси бөлімі жөніндегі орынбасарлығынан алу.

31п.Әбдіразақовты Оңтүстік Қазақстан облысы №49 ат зауыты директорлығынан босату.

36п. Оңтүстік Қазақстан обкомы К(б)П –ның А.Избановты Түркістан К(б)П –ның хатшылығы қызметінен алу туралы ұсынысын қабылдау.

37п. Оңтүстік Қазақстан обкомы К(б)П-ның Н.Данияровты Сарысу аукомының хатшылығы қызметінен алу туралы ұсынысын қабылдау ...

38п. Оңтүстік Қазақстан обкомының... С.Баймахановты Мирзоян аукомы ҚК(б)П хатшылығынан алу туралы ұсынысы қабылдансын. [6] Осылай, аудандық комитет хатшылары мен аудандық шаруашылық қызметкерлеріне қарсы қолданылған репрессиялардың, ОК Бюросының қаулысы негізінде жүзеге асырылуы кездесіп тұратын.

Әйтсе де бастамашылардың басқа да түрдегілері бар болатын. КазТАГ-тың облыстық бөлімшесі, күні қойылмаған, бірақ аталған ОК Бюросы шешімінен бұрын болса керек, «Комсомолдар халық жауларын әшкереледі» деген хабарламасында «Сарысу ауданының комсомол ұйымы өз қатарларын халық жаулары – ұлтшыл – фашистер мен троцкистік – бухариндік сатқындардан» тазарту үшін күресуде, - дей келе ары қарай ауаткомның бұрынғы хатшысы Дүйсенбековтың және аудандық «Астық дайындау» («Заготзерно») мекемесінің (кеңсесінің) меңгерушісі Оралбековтың «әшкереленгендігі» туралы айтады. Аталған адамдар – комсомолдар, ал оларды ауаткомның бастауыш комсомол ұйымының жиналысында әшкерелеп отыр. Оларды осы уақытқа дейін «әшкереленіп қойған» Сәдуақасовпен байланыста болғансындар деп кінәлайды. Бұл арада «...ҚК(б)П Сарысу аукомының хатшысы Данияровтың осы халық

жауларының Сәдуақасовпен байланысты екендігін біле тұра үндемегендігі» айтылады. Алматыға барған кезінде Данияров Садуақасовпен кездесіп, оған Дүйсенбековтың жазған хатын көрсетеді. Комсомолдар өз сөздерінде ауком хатшысы Данияровтың таптық қырағылық танытпай ұлтшыл-фашистік элементтерді әшкерелеуге күш салмағандығын атап өткен. Әлі күнге дейін Сарысу ауаткомы төрағасының орынбасары болып халық жауы Сапарбековтың баласы (ҚК(б)П БҚО обкомының 1937 жылдың қазанына дейінгі бірінші хатшысы - еск.авт.) жұмыс істеп келеді. Данияровтың өзі ...Дүйсенбековтың көмегіне сүйенген. Дүйсенбековтың Сәдуақасовтан сұрануы бойынша Данияров Шаян ауданына жұмысқа жіберіліп тұрған жерінен, Сарысу аукомының хатшысы қызметінде қалдырылды».

Осылай АҚ хатшысы Данияровқа «қырағылықты жойғаны», «халық жауларымен байланыста болғаны» және, «халық жаулары қойған адаммен» байланыстылығы үшін айыптар тағылады. Бұл саяси айыптаулардың кез-келгені оңай қауіп емес еді, ал басы біріге келе көздегенін құрдымға жіберетіндігі анық болатын.

Қорытындысында, Нұрыш Данияров (1899-1938ж.ж.) Солтүстік Қазақстан облысының қазағы, 1934-1937ж.ж. ОҚО ҚК(б)П Сарысу АҚ хатшысы болған, 19.02.1938 жылы КСРО Жоғарғы сотының әскери коллегиясының шешімімен ату жазасына кесіледі.

ОК Бюросының Қаулысында Красноводскіде (Түркменстан) туып өскен, 1936 жылдан Түркістан АҚ хатшысы болған Избанов Аққозы (1905-1938ж.ж.) туралы екі мәрте айтылады. Түркістан АҚ 1937ж. 2 қарашасындағы бюро мәжілісінде оны ПХК органдарының тұқындағаны туралы хабарланады. Қабылданған қаулыда А.Избановты бюро құрамынан шығарып, «халық жауы және ұлтшыл-фашист» ретінде партиядан да қуады. Бұған дейін-ақ ОҚО облыстық партия комитеті бюросы 1936 ж. 29 қазанында ҚК(б)П Түркістан аукомының «бірінші хатшысы Избановты ҚК(б)П қатарынан партия және халық жауы ретінде шығару және жұмысынан босату» [7] туралы қаулысын шығарып қойған болатын. Осылай, 29 қазан мен 3 қарашаның аралығында, нәйеті 6 күннің ішінде партияның барлық инстанциясы 32 жасар партия функционерінің жұмысын жапа-тармағай қорытындылайды. Ол 30 қазан күні тұтқындалып, 1938 жылдың 19 ақпанында ату жазасына кесіледі. Кейіннен, республика Компартиясының 2-съезіндегі есепті баяндама материалдарында Избанов тағы да жамандалады: Түркістан партия ұйымында бұрынғы ауком хатшысы, халық жауы Избанов өзіне коммунистерді шақырып алып, оларға адал коммунистерді партиядан

шығару мақсатында, олардың үстінен жала жабуды тапсырады. Осылай халықтық тергеуші Қорысбаевқа ол Балтабаевтың үстінен материалдар жинап, оны соттатып жіберуді ұсынады. Қорысбаев мұндай дұшпандық тапсырманы орындаудан бас тартқаннан кейін, Избанов Қорысбаевтың өзіне жала жабады, сөйтіп оны партиядан шығарып, сотқа жауапкершілікке тарттырады. Тек БК(б)П ОК қаңтар пленумынан кейін ғана облсот Қорысбаевты ақтап шығады, ал Түркістан аукомы оны партияға қайта қабылдайды». [8] Осылай, имансыздықтың бел алғаны соншалық, сол уақыттың талабына сәйкес, қайтыс болған адамды да қаралау болып жатты. Сонымен қатар орталық көздеген кез-келген бағытты қос қолдап қолдаған жергілікті жандайшаптардың да қатары көбеймесе, азая қойған жоқ.

Репрессиялық шараларды жүзеге асыру барысында қойқаптағы істер де қозғалынып, мұның өзі қатал үкімдер шығаруға негіз болды. 1937ж. 3-4 қарашасында ҚК(б)П Бостандық АК бюро мәжілісінде аудан ауаткомының төрағасы Қаюповтың мәселесі қаралды. Бюрода қабылданған қаулыда былай делінген: «Ауком бюросы Е.Қаюповтың үстінен келіп түскен материалдарды қарастыра отырып, оның 1930ж. 28 наурызында Қандайлық ауылындағы көтерілістің ұйымдастырушысы болғандығын толық дәлелді деп есептейді. ...

Ауком бюросы Ешболат Қаюповтың Қандайлықта өкіл болып жүрген кезінде колхозшылардың сұрағына антикеңестік жауаптар беріп сөз сөйлегенін, жекелей алғанда, колхозшылардың қолдағы бар дәнді астық себуге тұқым ретінде алып қойса нан мәселесі не болады деген сұрақтарына, Қаюпов : « Мемлекетте ештеңе жоқ, жоңышқа мен шөп жейсіңдер, не десеңдер де сендердегі барды аламыз» деп жауап берген. Ары қарай «Мұндай контрреволюциялық сөзден кейін, дұшпандар-кулактар мен ұлтшыл бай элементтер Қаюповпен байланысып және ұйымдаса отырып көтеріліске шығады және ауылкеңес төрағасы Насыров Тұрдыбайды, ауылкеңес хатшысы Төлебаев Мұратты және ауыл белсендісі Ташовтарды өлтіреді. Көтеріліске дейін Қаюпов бірнеше күндей ауыл белсенділерін қырып салған топтың басшысы Мырхадиев Миршадидің үйінде тұрған. Көтеріліс кезінде және одан кейін Қаюпов Қандайлықтағы кулактардың үйінде жасырынған.» Әрине, ұжымдастырудың алғашқы кезеңі жағдайында осыған ұқсас мазмұндағы көтерілістер мен ауыл белсенділерін жазалау фактілері болуы түсінікті. Әйтсе де мұндай мәселелер аукомның бюросында шешілмеу керек болатын - дәлелдеу, куәлар тарту және басқа да осыған ұқсас тірліктер партия органы айналысатын іс емес еді. Қаулының қорытынды бөлімі 1937 жылдың ызғарына сәйкес реттеліп онда: Ауком бюросы Қаюпов Ешболатты Қандайлықтағы көтерілістің ұйымдастырушысы

ретінде, Абдыразақовтың (Қожановшылдық) ұйымындағы бұрынғы контрреволюциялық ұлтшыл топтың белсенді мүшесі ретінде партиядан шығарып, АҚ пленумының құрамынан алып тастауды және жұмысынан кетіруді қажет деп есептейді,- [9] делінген. ОҚО обкомы бюросының 25.12.1937 жылғы осыған байланысты қаулысы Бостандық аукомының Е.Қаюповты Бостандық ауаткомы төрағасы қызметінен босату және ҚК(б)П қатарынан шығару туралы шешімін бекітеді. Мұның өзі Е.Қаюповтың талқаны таусылар күннің жақын екендігінің белгісі болатын.

Аталған оқиғалармен қатар аудандарда «ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптегі салалық тәнтілігіне» байланысты сот процестері жүріп жатты. Осылай Қазақстан Компартиясының ОК Бюросы екі рет- 1937 жылдың 10 қыркүйегі мен сол жылдың 3 қазанында мал шаруашылығы саласында көрсетілімді процестер өткізілуін ұсынды.

1. НКВД органдары мен республика прокуратурасына және партияның облыстық комитеттеріне «... мал шаруашылығы саласында, әсіресе ветеринария мен зоотехника жағынан қаскүнемдердің үстінен көрсетілімді процес үшін кем дегенде әр облыстан бір іс дайындау» тапсырылды.

2. Партияның облыстық комитеттері мен облаткомдарға сот құрамы мен мемлекеттік айыптауларды тыңғылықты дайындап, көрсетілімді процестердің тез ұйымдастырылуын қамтамасыз ету ұсынылсын. Процеске колхозшылар көптеп қатыстырылсын.

3. Облыстық және аудандық газеттерге осы көрсетілімді процестерді кең түрде жариялап... осы процестер бойынша шығарылған үкімдерді және ол үкімдердің кейіннен қалай орындалғаны туралы толық көрсету тапсырылсын. [10]

Бұл қаулылардың репрессиялық бағыт- бағдарлары анық-ақ көрініп тұр. Сонымен қатар республикадағы негізгі сала ретінде ауыл шаруашылығының таңдап алынуы осы саладағы істің оңбай тұрғандығын көрсеткендей. Бұрындары болып, әлі де жалғасып келе жатқан малдардың жаппай қырылуы, олардың әр түрлі аурулардан дер кезінде емделмеуі, міне осының бәрі ветеринарлық және зоотехникалық қызметтерді жаңа деңгейге көтеруді міндеттеді. Тек осындай игі мақсатқа жетудің жолының қанқұйлы болғандығы, әрине, жан түршіктіреді.

Облыстық жер басқармасының ветеринарлық бөліміндегі мал шаруашылығына зиянкестік жасап келген контрреволюциялық троцкистік ұлтшыл-фашистік ұйымының ісі облыстық қазақ театрындағы ашық

көрсетілімді процесте қаралған еді. Сотталғандар 9 адам болды – Есенгелдин, аға ветеринар Чабанов, ветқойма бастығының орынбасары Данилов, облтұқымдайындау кеңсесінің бастығы Сағындықов, Шымкент ветбаклабораториясының меңгерушісі - Сверидов, Арыс аудандық жер басқармасының ветдәрігері - Данильченко, Қостанай облмал өнімдерін дайындау кеңсесінің ветдәрігері Зверев және Арыс аудандық жер басқармасының ветфельшері Косяков. Барлығы 9 адам, әрине бәрі де жұмысынан кетірілгендер. Берілген құжатта «КСРО Жоғарғы сотының арнайы коллегиясының» жылжымалы сессиясының құрамы, айыптаушылар мен қорғаушылардың аттары көрсетілген. Арыс қарай ОблҚазТАГ – тың хабарламасында барлық айыпталушылардың өз кінәларын мойындағандығы айтылады, яғни: «Контрреволюциялық қаскүнемдік іс - әрекеттер жасап, осы арқылы жаппай жұқпалы ауруларды - сібір жарасы, бруцеллез, оба, топалаң және басқаларын ауыздықтай алмағандығын, сонымен қатар ветсанитарлық тазалауды қаскүнемдікпен дұрыс жолға қоймағандарын, малдары жұқпалы аурумен ауырған аудандарды биопрепараттар мен дезоқұралдармен нашар қамтамасыз еткендіктерін, эпизоотия (мал ауруы) ошақтарының пайда болғандығы туралы дабылды жасырғандығын және т.б.»[11] Барлық келтірілген айыптаулардың, тек «контрреволюциялық қаскүнемдік» пен әдейі ауру тарату дегені болмаса, күнделікті тіршілікте орын алуы мүмкін, ондай мал ауруларының ошақтары бүгінгі күндері де орын алып жатады емес пе?

Процестің қорытынды бөлігі туралы ОблҚазТАГ-тың хабарламасында: «Енді, алты күндік процестен кейін, айыптаулардың үдей түскені», - айтылады «... КСРО-да қалыптасқан құрылысты құлату, помещиктердің, капиталистердің және байлардың билігін қалпына келтіру, Қазақстанды КСРО –дан бөліп әкетіп оны империалистік мемлекеттердің отары ету».[12] Бұған қосымша «колхоздардың, совхоздардың және колхозшылардың сау малын құртқандығы» туралы дәлелдер келтіріліп, аталған халық жауларының 17 мыңнан аса малдың басын құртқандығы айтылады. Айыптауларда сонымен қатар Бөкейхановтың да аты аталып, ол облыстағы контрреволюциялық троцкистік ұлтшыл-фашистік орталықтың басшысы ретінде, айыптаушыларға жетекшілік етті- міс, - делінген. Соңында 8 айыпталушы - Есенгелдин, Чебаков, Данилов, Сағындықов, Свиридов, Рогозин және Данильченко ең жоғарғы жазаға кесіледі. Косяковты 10 жылға бас бостандығынан айырып, қалған 5 жылын қадағалауда өткізу ұйғарылады.

Осындай «әшкерелеу процестері» Шымкент қаласының басқа да мекемелерінде жүргізілген еді. Атап айтар болсақ: Шымкент қорғасын

зауытындағы 1937 ж. 25-26 маусымында өткізілген ашық партия жиналысында « ПХК органдары 22 маусымда тұтқындаған зауыттың бұрынғы директоры Шахмұратовтың қаскүнемдік істері «бітіспес дұшпандық» ретінде қаралып, оның « энергетикалық базаны, техника қауіпсіздігін сақтамағандығы, жұмысшыларға еңбек ақы төлеуді ұйымдастыру мен мәдени - тұрмыстық қызмет көрсетудегі бүлдіргі әрекеттері қарастырылады.

Айыптылардың қатарында зауыттың партком хатшысы Насибуллин мен директордың орынбасары Леснов, бұрынғы зауыт металлургы Казнин, бұрынғы цех бастығы Рыжовтар аталынып, сонымен қатар осылардың халық жаулары Шахмұратовпен (бұрынғы зауыт директоры), Таганскиймен (бұрынғы ҚК(б)П обком хатшысы) Пинхасикпен (ҚК(б)П Қазөлкекомының бұрынғы өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі) тығыз байланыста болғандығы күстаналады.

Берілген фрагмент бір жағынан зауыт жұмысшыларына қарсы қолданылған репрессиялық іс-шаралардың ауқымдылығын көрсетсе, екінші жағынан аталған адамдарды контрреволюциялық ұйым ретінде көрсетуге жол ашып беретін еді. Шымкент қорғасын зауыты партия ұйымының шешімі негізінде қабылданған, ҚК (б) П Шымкент қалкомының шешіміне сәйкес жоғарыда аты аталған халық жауларының ісі ПХК органдарына тапсырылады.

ОблҚазТАГ-тың «Облөнеркәсіподағын бөтендер мен бұзықтар басқаруда» деген атпен берілген тағы бір материалында халық жаулары ретінде Шымкент қаласының «Трудхимик», «Пищевик» және басқа да артель басшылары мен қызметкерлері әшкереленеді. Дозоров басқарған «Облөнеркәсіподағы» «қаскүнемдік басшылықтың» арқасында ештеңеден қаймықпай, өздеріне тапсырылған шаруашылықтарды талан-таражға салған. Соңғысы және оған жеті адам қосылып РКФСР ҚК 58-7статьясы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Бұл статья бойынша мемлекеттік мүлікті талан-таражға түсіріп, сауда және кредиттік системадағы алаяқтығы үшін ату жазасына дейінгі қылмыстық іс қаралатын.

ОблҚазТАГ-тың тағы бір материалы «облхалықтық есеп мекемесін халық жаулары мекен етіпті» деген тақырыпта беріліп, онда бұл мекемеде «...ұзақ уақыт халық жауы Лаумуллиннің жетекшілік еткені, оның ұлтшылдар тобында белсенді мүше болып, ұлтшыл-фашист Т.Рысқұловпен

тығыз байланыста болғандығы» айтылады. Тағы басқа айыптауларда оның «...халық жауларының тапсырмасы бойынша өтірік статистикалық мәліметтер беріп», «...аппаратты бөтендермен былғағаны айыпталған. Оның ұйғарымы бойынша ұлтшыл Қожаевтың қайнағасы Сейдаллиннің, бұрынғы ақ офицер Кудрявцевтің жұмысқа алынғандығы анықталған. Соңында Лаумулиннің партиядан шығарылғандығы хабарланады. [13]

Басқа аудандардағы қарастырылып отырған кезеңдегі жағдайлардың өзіндік ерекшеліктері болғанымен де, жалпы алғанда бәрі де ортақ сценарий бойынша жүріп жатқан еді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сыр өңірі тарихы. – Алматы, 1998. 138-б
2. Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты. 708 - қор , 2/2 – тізбе, 19 – іс, 45-48 - п.п. (бұдан былай ҚРПМ)
3. ҚРПМ 8 – қор, 1 – тізбе, 830 – іс, 33 - п.
4. ҚРПМ 8 – қор, 1 - тізбе, 830 – іс, 34 - п.
5. ҚРПМ 141 – қор, 1 – тізбе, 12850 – іс, 203 - п.
6. ҚРПМ 708 – қор, 1 – тізбе, 39 – іс, 157-252 - п.п.
7. Оңтүстік Қазақстан облысы Мемлекеттік мұрағаты. (бұдан былай ОҚО ММ) ШФ 40 – қор, 2 – тізбе, 298 – іс, 48 - п.
8. ОҚОММ ШФ 8 – қор, 1 – тізбе, 385 – іс, 322 - п.
9. ОҚОММ ШФ 40 – қор, 2 – тізбе, 687 – іс, 10 - п.
10. ҚРПМ 708 - қор, 2/1 - тізбе, 17 - іс, 47-48 - п.п.
11. ОҚОМА 121 - қор, 1 - тізбе, 954 - іс, 100 - п.
12. Бұлда сонда 969 – іс, 18 - п.
13. ОҚОММ 7 - қор ,1 - тізбе, 902 – бума, 954 – іс, 59 –п.

